

Ақша төлемі мен аударымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы N 237 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 26.07.2016 № 11-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қ о л д а н у ш ы л а р н а з а р ы н а !

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.
МАЗМҰНЫ

1-Тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

1. Осы Заң, пошталық ақша аударымдарын жүзеге асыруға байланысты қатынастарды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2. Қазақстан Республикасы банктерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және шетел банктерінің (қаржы институттарының) арасында жүзеге асырылатын халықаралық ақша төлемдері мен аударымдарына байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген талаптар ескеріле отырып, олардың арасындағы шарттармен және банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі. Егер халықаралық ақша төлемдері мен аударымдары бойынша әрекеттерге Қазақстан Республикасының аумағында бастамашылық жасалса, онда мұндай қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде аталған шарттармен және банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі.

Ескерту. 1-бап жана редакцияда - ҚР 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастардың туындау негіздері

Осы Заңмен реттелетін қатынастар:
азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлем жасау шарттарына сәйкес
ақша төлемі мен (немесе) аударымын;
банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымның (бұдан әрі - банктер) клиентінің тапсырмасы бойынша, мұндай
тапсырмалар азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлем шарттарын
орындаумен байланысты болмаса, ақша аударымын;
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізілетін міндетті ақша
төлемін және (немесе) аударымын жүзеге асырған кезде туындайды.

3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақша аударымы - алушы банктердің төлемді жүзеге асыруға немесе өзге
мақсаттарға байланысты жөнелтушілердің ақша беру туралы нұсқауларын
дәйектілікпен орындауы;

2) ақша аударымының бастамашысы (бұдан әрі - бастамашы) - ақша аудару
туралы нұсқауды орындауға алғаш ұсынған тұлға;

3) ақша жөнелтуші - ақша төлемі және (немесе) аударымы соның есебінен
жүзеге асырылатын тұлға;

4) ақша төлеміне және (немесе) аударымына қатысушылар - ақша төлемі
және (немесе) аударымы жөнінде құқықтары және (немесе) міндеттері бар жеке
және заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

5) алушы банк - ақша аудару не ақша төлеу туралы нұсқау жіберілетін банк;

6) банк шотын тікелей дебеттеу - ақша жөнелтушіден ақшаны алып қою және
ақша жөнелтушінің осы алып қою туралы белгілі бір уақыт кезеңі ішінде және (
немесе) белгілі бір ақша сомасының шегінде қолданылатын алдын ала
рұқсатының негізінде оны бенефициардың пайдасына беру жүргізілетін төлемді
жүзеге асыру тәсілі;

7) бенефициар - ақша аударған кезде, сондай-ақ ақша аудармай-ақ жүзеге
асырылатын қолма-қол ақшасыз төлем жасаған кезде тапсырмада не талапта
ақша алушы ретінде көрсетілген тұлға;

8) бенефициар банкі - жөнелтушімен жасалған шарттың талаптарына және (
немесе) жөнелтушінің нұсқауына сәйкес бенефициардың пайдасына түсетін
ақшаны қабылдауға және (немесе) нұсқауда не жөнелтушімен жасалған шартта
көзделген өзге де іс-қимылдарды орындауға тиісті банк;

9) делдал банк - ақша жөнелтушінің банкі және бенефициар банкі болып
табылмайтын ақша аударымына кез келген қатысушы банк;

10) жөнелтуші - ақша төлеміне және (немесе) аударымына байланысты
нұсқауды жөнелтетін, сонымен бірге ақша жөнелтуші, бастамашы немесе
бенефициар болуы мүмкін тұлға;

11) инкассалық өкім - ақша жөнелтушінің банк шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қою үшін пайдаланылатын төлемді жүзеге асыру тәсілі;

12) клиринг - клирингтік ұйым жүзеге асыратын, клирингке қатысушылардың қарсы талаптарын жинау, салыстыру, сұрыптау мен есепке жатқызу және кейіннен олардың таза позицияларын (сальдо) айқындау процесі, сондай-ақ банктің өз клиенттері арасындағы қарсы талаптар бойынша көрсетілген іс - қимылдарды орындауы;

13) микропроцессорлық төлем карточкасы - тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қолма-қол ақшасыз ақы төлеу, қолма-қол ақша алу, валюта айырбастауды және төлем карточкасының эмитенті айқындаған және оның шарттарымен басқа да операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, сондай-ақ карточканы ұстаушыға қажетті ақпараты бар интегралдық микросхемалы төлем карточкасы;

14) нұсқау - жөнелтушінің алушы банкке ақша аудару не төлеу туралы шартқа немесе заңға орай берілетін бұйрығы. Нұсқаулар тапсырма нысанында не талап нысанында жасалады;

15) операция күні - банк ақша аудару туралы нұсқауларды және клиенттерден түскен осындай нұсқауларды тоқтата тұру не кері қайтару туралы өкімдерді қабылдауды және олардың пайдасына ақша аударуды жүзеге асыруға байланысты хабарларды беруді жүзеге асыратын уақыт кезеңі;

16) өндіріп алушы - шартқа немесе заңға орай алушы банктің ақша жөнелтушінің келісімінсіз-ақ орындауына жататын ақша өндіріп алу туралы талап қоюшы тұлға;

17) төлем - ақша міндеттемесін қолма-қол ақшаны пайдалана отырып немесе оны пайдаланбай, ақша аудару немесе ішінде ақша міндеттемесі не ақша төлеу туралы бұйрығы бар төлем құжатын беру не электрондық ақша беру арқылы орындау;

18) төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесі - төлем карточкалары бойынша банкаралық операцияларға қызмет көрсету жүйесі, оны басқаруды жүйеге қатысушы банктер арнайы құрған, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалатын жалпыұлттық міндеттерді іске асыру үшін микропроцессорлық карточкалар технологияларын қолдана отырып, электрондық тәсілмен қажетті ақпаратты сақтауды, өндеуді және беруді қамтамасыз етуге де қабілетті ұйым жүзеге асырады;

19) төлем карточкасы - электронды терминалдар немесе өзге құрылғылар арқылы ақшаға қол жеткізу құралы, онда мұндай карточканы ұстаушыға төлемдерді жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және төлем карточкасының эмитенті айқындаған және оның шарттарымен басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат болады;

20) төлем тапсырмасы - нұсқауда айқындалған ақша сомасын бенефициардың пайдасына аудару туралы нұсқауды жөнелтушінің алушы банкке ұсынуын көздейтін ақша төлемін және (немесе) аударымын жүзеге асыру тәсілі;

21) төлемдік талап-тапсырма - төлемді жүзеге асыру тәсілі, бұл ретте ақша жөнелтушінің банкіне ақша жөнелтушіге аталған талапты растайтын құжаттар негізінде және олар қоса беріле отырып, мұндай талапта көрсетілген сомада ақша төлеу туралы жөнелтушінің талабы қойылады;

22) төлем құжаты - ақша төлемі мен аударымын жасауға негіз болатын немесе көмектесетін құжат;

23) чек - чек беруші мен алушы банк арасындағы шартқа негізделген, ішінде чек берушінің алушы банкке осы бұйрықта көрсетілген ақша сомасын чек ұстаушыға төлеуі туралы жазбаша бұйрығы бар төлем құжаты;

24) чек беруші - чек жазып берген адам;

25) чек ұстаушы - пайдасына чек жазылған адам, оның ішінде, егер чек беруші чекті өз атына жазса, ол да чек ұстаушы болады;

26) электрондық ақша – электрондық нысанда сақталатын және электрондық ақша жүйесінде жүйенің басқа да қатысушылары төлем құралы ретінде қабылдайтын электрондық ақша эмитентінің шартсыз және қайтарылмайтын ақшалай міндеттемесі;

27) электрондық ақша жүйесі - электрондық ақшамен төлемдерді және өзге де операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың жиынтығын;

28) электрондық ақша жүйесінің қатысушысы – жасалған шартқа сәйкес электрондық ақшаның белгілі бір жүйесі шеңберінде электрондық ақшаны шығару, беру, қабылдау, пайдалану, сатып алу, өткізу немесе өтеу жөніндегі құқық немесе міндеттеме туындайтын жеке немесе заңды тұлға;

29) электрондық ақша жүйесінің операторы (бұдан әрі – оператор) – электрондық ақша пайдаланылатын операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қоса алғанда, электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін электрондық ақша жүйесінің қатысушысы;

30) электрондық ақшаны өтеу – электрондық ақшаның иесі ұсынған не оны иесі ұсынбай, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өтелуге тиіс электрондық ақшаны номиналдық құны бойынша тең ақша сомасына айырбастау жөнінде эмитент жүзеге асыратын операция;

31) электрондық ақшаны пайдалану – азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдер және (немесе) электрондық ақшаға меншік құқығының ауысуына байланысты өзге де операциялар жүргізу мақсатында электрондық

ақша жүйесінде электрондық ақшаны оның иесі – жеке тұлғаның электрондық ақша жүйесінің басқа қатысушысына беруі;

32) электрондық ақшаны шығару – эмитенттің электрондық ақшаны жеке тұлғаларға және электрондық ақша эмитентінің агенттеріне оның номиналдық құны бойынша тең ақша сомасына айырбастау арқылы беруін көздейтін операция ;

33) электрондық ақша эмитенті (бұдан әрі – эмитент) – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес электрондық ақша жүйесінде электрондық ақшаны шығаруды және өтеуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк;

34) электрондық ақша эмитентінің агенті (бұдан әрі – агент) – эмитентпен жасалған шарттың негізінде электрондық ақшаны кейіннен жеке тұлғаларға өткізу үшін эмитенттен және ақша иелерінен - жеке тұлғалардан оны сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.11 N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.07.21 № 466-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңдары

Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

5-бап. Ақша

1. Ақша төлем мен қор жинау құралы болып табылады және құн өлшемі ретінде қызмет етеді.

2. Ақша ақша белгілері (қолма-қол ақша) нысанында не банктер клиенттерінің банк шоттары бойынша жазба түріндегі банктердің ақшалай міндеттемелері нысанында болады.

3. Ақша белгілері атаулы құны (номиналы) бар банкнот және тиындар түрінде шығарылады.

6-бап. Банк шоттары

1. Банк шоты - банк пен клиент арасында ақша қабылдау және (немесе) клиентке банктік қызмет көрсету жөніндегі шарттық қатынастарды көрсету тәсілі .

Банк шоттары банк пен клиент арасында банк шотының шарты және (немесе) банктік салым шарты жасалған кезде ашылады.

1 - 1 . Банкке :

1) клиентіне «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 581-бабының 13) тармақшасында көзделген негіздер бойынша және жағдайларда жаңа банк шотын ашуға;

2) әрекетсіз салық төлеушілерге банк шотын ашуға;

3) анонимдік банк шоттарын немесе ойдан шығарылған аттарға банк шоттарын ашуға тыйым салынады.

2. Банк шоттары жеке және заңды тұлғалардың, заңды тұлғалардың оқшауланған бөлімшелерінің ағымдағы және жинақ шоттары, сондай-ақ банктердің корреспонденттік шоттары болып бөлінеді.

2-1. Ағымдағы шот - банк шотының шарты негізінде банктің клиентке ашатын банк шоты, ол бойынша:

1) клиент ақшасының болуын қамтамасыз етуге және банктің оны пайдалануына;

2) клиенттің пайдасына ақша қабылдауға (есептеуге);

3) банк шотының шартында көзделген тәртіппен үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы клиенттің өкімін орындауға;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың өкімін орындауға;

5) банк шотының шартында белгіленген тәртіппен клиенттен қолма-қол ақша қабылдауды және оған беруді жүзеге асыруға;

6) банк шотының шартында айқындалған мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге;

7) клиенттің талап етуі бойынша банк шотының шартында көзделген тәртіппен клиенттің банктегі ақшасының сомасы және жасалған операциялар туралы ақпарат беруге;

8) клиентке шартта, Қазақстан Республикасының заңдарында және банк тәжірибесінде қолданылатын іскерлік айналым дағдыларында көзделген өзге де банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операциялар орындалады.

Жинақ шоты - банк салымының шарты негізінде:

1) клиентке тиесілі ақшаның (салымның) болуын қамтамасыз етуге және банктің оны пайдалануына;

2) клиенттен немесе үшінші тұлғалардан ақшаны қолма-қол да, қолма-қол емес те тәсілмен қабылдауды жүзеге асыруға;

3) банк салымының шартында айқындалған мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге;

4) клиентке ақшаны (салымды) банк салымы шартында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптармен, оның ішінде оны клиенттің басқа банк шотына аудару жолымен қайтаруға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша үшінші тұлғалардың клиенттің ақшасын алып қою туралы өкімін орындауға байланысты операцияларды орындау үшін банктің клиентке а ш а т ы н б а н к ш о т ы .

Корреспонденттік шот - корреспонденттік шот шарты бойынша банкке басқа банктен ашылған, банктің және оның клиенттерінің банк операциялары жүзеге а с ы р ы л а т ы н б а н к т і к ш о т .

3. Осы баптың 2-1-тармағында аталған операцияларды жүргізуге болмайтын шоттар, сондай-ақ банктердегі бухгалтерлік есептің позицияларын көрсететін шоттар, баланстық шоттардың құрамдас бөліктері болып табылатын жеке шоттар (қосалқы позициялар), соның ішінде несие шоттары банк шоттары болып т а б ы л м а й д ы .

4. Клиенттердің банктегі ақшасынан өндіріп алынатын жағдайда, мұндай өндіріп алу клиенттердің банк шоттарынан ғана жүргізіледі.

Банктердің корреспонденттік шоттарындағы ақшаны өндіріп алу банктердің өз міндеттемелері бойынша ғана жүргізіледі.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2000.03.29 N 42, өзгерістер енгізілді - 2003.07.09 N 482, 2005.07.08 N 69, 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.11 N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру тәсілдері

1. Қазақстан Республикасының аумағында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырудың мынадай тәсілдері қолданылады:

- 1) қолма-қол ақшаны табыстау;
- 2) төлем тапсырмаларын көрсету;
- 3) ч е к т е р б е р у ;
- 4) вексельдер беру немесе оларды индоссамент бойынша табыстау;
- 5) төлем карточкаларын (оның ішінде микропроцессорлық төлем карточкаларын) п а й д а л а н у ;
- 5-1) электрондық ақшаны беру;
- 6) банк шотын тікелей дебеттеу;
- 7) төлемдік талап-тапсырмаларды көрсету;
- 8) инкассалық өкімдерді көрсету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де тәсілдер.

2. Ақша төлемі мен (немесе) аударымын жүзеге асыру тәсілдерін қолдану ережелері мен ерекшеліктері және нұсқаулардың мазмұнына қойылатын негізгі

талаптар заң актілерінде және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.07.09 N 482, 2011.07.21 № 466-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Төлем тапсырмасы

Жөнелтуші мен алушы банктің арасындағы төлем тапсырмасын пайдалануға байланысты құқықтар мен міндеттер олардың арасындағы шартта белгіленеді, ал олардың іс жүзінде іске асырылуы алушы банкке төлем тапсырмасын көрсеткен кезден бастап туындайды. Алушы банк осындай нұсқауды алғаннан кейін оны акцептеуге не оны акцептеуден дәлелді түрде бас тартуға тиіс. Алушы банк төлем тапсырмасын акцептеген жағдайда жөнелтушінің акцептелген төлем тапсырмасының орындалуы жөнінде талап ету құқығы туындайды.

9-бап. Чек

1. Чек беру - төлемді жүзеге асыру тәсілі, бұл орайда төлем чек берушінің чек ұстаушыға аттас төлем құжатын беруі арқылы жасалады.

2. Чек беру чек берушінің орындау үшін осы чек жазып берілген ақша міндеттемесінің орындалуы болып табылмайды. Аталған міндеттеме чек бойынша ақша алынған кезде орындалады.

3. Чектер жабылған және жабылмаған чектер болып бөлінеді. Чек беруші банкке алдын ала енгізген депозитпен қамтамасыз етілген чектер жабылған чектер болып табылады. Депозитпен алдын ала қамтамасыз етілмеген чектер жабылмаған чектер болып табылады. Чектерде олардың төлемі жөнінде, оның ішінде жабылмаған чектер бойынша банктің кепілдемесі болуы мүмкін.

4. Чекті пайдалануға байланысты чек беруші мен банктің құқықтары мен міндеттері чек беруші мен банктің арасындағы чектерді пайдалану туралы шарт негізінде туындайды. Чек ұстаушының құқықтары чек берушіден алған кезден б а с т а п т у ы н д а й д ы .

Аталған құқықтар мен міндеттер чек беруші чекті берген кезден бастап іске а с ы р ы л а д ы .

Чек ұстаушыда чекте көрсетілген сомадағы ақшаны чек берушінің банкінен талап ету құқығы пайда болады. Чек ұстаушы ұсынған чекті чек берушінің банкі төлейді не оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген мерзімде және осы Заңның 18-бабында белгіленген негіздер бойынша төлеуден дәлелді түрде бас тартады.

10-бап. Вексель

Вексельдерді төлем тәсілі ретінде қолдану Қазақстан Республикасының вексель айналысы туралы заңдарымен реттеледі.

11-бап. Төлем карточкасы

1. Төлем карточкасын оның ұстаушысы төлемді жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ оның эмитенті айқындаған шарттарда қолма-қол ақшаны алу, валюта айырбастау және басқа операциялар үшін қолданады.

2. Төлем карточкасының эмитенті болып табылатын банкпен немесе сондай эмитентпен шарт жасасқан банкпен не эмитентпен шартсыз төлем карточкаларына қызмет көрсететін банкпен тиісті келісім жасасқан дара кәсіпкерлермен немесе заңды тұлғалармен операциялар кезінде төлем карточкасы пайдаланылуы мүмкін.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

**3-тармақ 01.07.2014 дейін қолданыста болады - ҚР 21.06.2012 N 19-V
З а ң ы м е н .**

3. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес арнаулы салық режимін қолданатын және (немесе) ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлердегі тұлғаларды қоспағанда, дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнатуды қамтамасыз етуге , сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға м і н д е т т і .

4. Егер осы тармақта өзгеше белгінбесе, ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жердегілерді қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бюджетпен есеп айырысудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) орнатуды және қолдануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға міндетті. Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) қолдану тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Бұл ретте ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жердегілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес арнаулы салық режимін қолданатын және қызметін Астана, Алматы қалаларында , облыстық маңызы бар қалаларда жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар осындай жабдықты (құрылғыны) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап орнатуды және қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.

Осы бапта белгіленген міндеттемелер мен ережелер сауда операциялары, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде қолма-қол ақшаны

пайдаланбай ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және (немесе) заңды тұлғаларға қолданылмайды.

5. Төлемге қатысушылардың төлем карточкаларын пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ұсынылған төлем карточкасын пайдалана отырып, жүзеге асырылатын төлемді қабылдау туралы келісім берген кезден бастап туындайды.

Дара кәсіпкерде немесе заңды тұлғада төлем карточкаларына қызмет көрсету туралы дара кәсіпкермен немесе заңды тұлғамен келісім жасасқан банкке қатысты дара кәсіпкер немесе заңды тұлға қабылдаған төлем сомасында ақша талап ету құқығы туындайды. Көрсетілген банкте дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ақша талап етуін орындау міндеті туындайды.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.06.21 N 19-V (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 10.06.2014 № 206-V (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

11-1-бап. Төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесі

Төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесінің жұмыс істеуіне және төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесінің арнайы ұйымының қызметіне қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Ескерту. Заң 11-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.09 N 482 Заңымен.

12-бап. Банк шотын тікелей дебеттеу

1. Банк шотын тікелей дебеттеу арқылы төлем жасау ақша жөнелтуші мен оның банкі арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады, осыған сәйкес ақша жөнелтуші жеткізілген тауар, орындалған жұмыс не көрсетілген қызмет үшін бенефициардың жоғарыда көрсетілген шартқа тиісті құжаттарды қоса тіркеп, талап етуі негізінде өзінің банк шотынан ақша алуға келісім береді.

2. Ақша жөнелтушінің және оның банкінің банк шоттарын тікелей дебеттеу жағдайында төлемді жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері ақша жөнелтуші мен оның банкі арасында тиісті шарт жасалған кезден бастап туындайды. Банкте аталған шартта көзделген ақша сомасы және (немесе) уақыт кезеңі шегінде клиенттің банк шотына қойылатын үшінші жақтың талаптарын орындау міндеті туындайды.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2000.03.29 N 42 Заңымен.

13-бап. Төлемдік талап-тапсырма

1. Ақша жөнелтушінің банкі төлемдік талап-тапсырманы осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша жөнелтушінің акцепті болғанда ғана орындауға тиіс.

Банктер ақша жөнелтушінің акцептін талап етпейтін төлемдік талап-тапсырманы жасалған банктік қарыз шартына, кредиттік желі ашу туралы

келісімге немесе қарыз операциясының не кепілдік беру фактісін растайтын өзге де құжатқа сәйкес қарыз алушының қарыз бойынша мерзімі өткен берешегі болған жағдайда, берешекті қарыз алушыдан, кепілгерден өндіріп алу үшін қолданады және ақша жөнелтушінің өз банк шотынан ақшаны акцептсіз алып қоюға келісімі бар құжаттар қоса тіркеліп, ақшаны жөнелтуші банкке береді.

Ақша жөнелтушінің акцептін талап етпейтін талап-тапсырма негізінде ақшаны алып қоюдың негізділігі үшін өндіріп алушы жауаптылықта болады.

Төлемдік талап-тапсырмаларды беру, сондай-ақ ақшаны алып қоюдың негізділігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын не көшірмелерін қоса тіркеу қажеттігі туралы талап ету тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

2. Төлемдік талап-тапсырмаларды пайдалана отырып төлем жасаған кездегі құқықтар мен міндеттер ақша жөнелтушінің банкіне оны ұсынған кезден бастап туындайды. Ақша жөнелтушінің банкі төлемдік талап-тапсырманы алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, ақша жөнелтуші банкке ақша жөнелтушінің акцептін талап етпейтін төлемдік талап-тапсырма қойылған жағдайларды қоспағанда алынған төлемдік талап-тапсырманы ақша жөнелтушіге акцептеуі үшін беруге тиіс. Ақшаны жөнелтуші төлемдік талап-тапсырманы алғаннан кейін оны акцептеуге не оны акцептеуден дәлелді түрде бас тартуға тиіс. Төлемдік талап-тапсырманы ақша жөнелтуші не ақша жөнелтуші банк акцепттеген жағдайда, егер талап-тапсырма ақша жөнелтушінің акцептін талап етпесе, төлемдік талап-тапсырманы жіберушіде оны орындау жөнінде талап ету құқығы п а й д а б о л а д ы .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

13-бапты 3-тармақпен толықтыру көзделген - ҚР 24.11.2015 № 422-V Заңымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2000.03.29 N 42, 2009.07.11 N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Инкассалық өкім

1. Клиенттің банк шотындағы ақшасын оның келісімінсіз алып қою инкассалық өкімдер пайдаланыла отырып, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген кезектіліктің сақталуын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

2. Бастамашы ақша жөнелтушінің банкіне, мемлекеттік кіріс органдарының инкассалық өкімдері табыс етілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген нормалар негізінде осы

өндіріп алудың негізділігін растайтын атқарушы құжаттардың түпнұсқаларын не олардың көшірмелерін қоса бере отырып, инкассолық өкімді табыс етеді. Құжаттардың түпнұсқаларын не олардың көшірмелерін қоса беру қажеттігі туралы талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

2-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік кіріс органдарының міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алуға инкассолық өкімдері пайдасына берешек өндіріліп алынатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының тізімдерімен қоса банктерге табыс етіледі.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

2-тармақты үшінші бөлікпен толықтыру көзделген - ҚР 16.11.2015 № 406-V Заңымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Инкассолық өкімде төлемнің мақсаты көрсетіледі және ақша жөнелтушінің келісуінсіз ақшаны алып қою құқығы көзделетін заңнамалық актіге сілтеме ж а с а л а д ы .

Ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде мемлекеттік кіріс органдарының салық берешегін өндіріп алу туралы, жеке сот орындаушыларының және әділет органдарының атқару құжаттары бойынша инкассолық өкімін орындау мұндай шотқа ақшаның түсуіне қарай жүргізіледі.

4. Бастамашы ақша жөнелтушінің банкіне инкассалық өкімді ұсынған кезден бастап төлем жасауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері туындайды. Ақша жөнелтушінің банкі осындай нұсқауды алғаннан кейін оны акцептеуге не оны акцептеуден дәлелді түрде жазбаша бас тартуға тиіс. Ақша жөнелтушінің банкі инкассалық өкімді акцептеген жағдайда инкассалық өкімді жөнелтушінің оны орындауды талап ету құқығы пайда болады.

5 . А л ы н ы п т а с т а л д ы .

6. Ақша жөнелтушінің келісімінсіз ақшаны алып қоюдың негізділігі үшін өндіріп алушы жауапты болады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 N 336, 2000.03.29 N 42, 2003.07.09 N 482, 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.06.22 N 147, 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Инкассолық өкім берілген кезде пайдаланылатын құжаттар

Ақша жөнелтушінің келісімінсіз ақшаны алып қоюға инкассолық өкім атқарушылық құжаттардың негізінде беріледі.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Нұсқау акцепті

1. Тапсырма нысанындағы нұсқау акцепті алушы банктің жөнелтушінің (клиенттің) тапсырмасын орындауға келісім бергенін білдіреді.

Талап нысанындағы нұсқау акцепті ақша жөнелтушінің және (немесе) алушы банктің бастамашының талабын орындауға келісім бергенін білдіреді.

2. Нұсқау акцепті осы акцептің жасалғанын немесе алушы банктің нұсқауда белгіленген жөнелтушіге немесе оның тапсырмасы бойынша үшінші жаққа ақша сомасын төлегенін тікелей көрсететін төлем құжатына жазу немесе белгі қою арқылы көрсетілуі мүмкін.

Нұсқау акцепті қол қою немесе мөр таңбасы (егер бар болса) түрінде де көрсетілуі мүмкін.

3. Егер нұсқау акцепті төлем құжатына жазу немесе белгі қою не қол қою және оның мөр таңбасын (егер бар болса) түсіру жолымен жасалған болса, аталған жазбаларда немесе белгілерде олардың жасалған күні және уақыты болуға тиіс.

4. Егер шарттың немесе Қазақстан Республикасы заңдарының ережелері бойынша акцепт іс-қимылмен не өзге әдістермен көрсетілуге тиіс болса, нұсқау тиісті жазбасыз-ақ акцептелуі мүмкін.

5. Осы Заңның 38-бабында және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, нұсқау акцепті не оны акцептеуден бас тарту нұсқауды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалуға тиіс.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.07.09 N 482 Заңымен.

17-бап. Нұсқауды акцептеген кезде туындайтын құқықтар мен міндеттер

1. Алушы банк тапсырманы акцептегенге дейін оны жөнелтуші алушы банк тапсырманы акцептегеннен кейін оны орындауға қажетті ақша сомасын қамтамасыз етуге міндетті. Клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымын жүзеге асырған кезде жөнелтуші егер онда теріс сальдо пайда болған жағдайда ғана, өзінің тапсырмасын орындауға қажетті ақша сомасын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Нұсқауды акцептеген кезде мынадай құқықтар мен міндеттер туындайды:

1) алушы банк тапсырманы акцептеген кезде оның жөнелтуші алдында акцептелген тапсырманы орындау жөнінде міндеттемесі туындайды;

2) бенефициар банкі тапсырманы акцептеген кезде оның бенефициар пайдасына тапсырмада көрсетілген ақша сомасын қабылдау жөніндегі міндеттемесі туындайды;

3) ақша жөнелтуші талапты акцептеген кезде акцептелген талап бойынша бенефициардың талап ету құқығы туындайды, ақша жөнелтушінің бенефициар пайдасына орын орындау жөніндегі міндеттемесі туындайды;

4) алушы банк талапты акцептеген кезде жөнелтушінің акцептелген талап бойынша талап ету құқығы туындайды, ал алушы банктің оны орындау жөніндегі міндеттемесі туындайды.

3. Бенефициар банкі өзі акцептеген нұсқауда көрсетілген ақша сомасын үшінші жақтың немесе осы банктің алдындағы бенефициар міндеттемесінің сомасына қарсы үшінші жақтың пайдасына немесе өз пайдасына есептеме жасауға құқылы, оның орындалу мерзімі, банктен ақшаны алып қоюдың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген кезектілігін сақтауды ескере отырып, бенефициар банкіне осындай нұсқау түскен кезден басталады.

18-бап. Алушы банктің нұсқауларды акцептеуден бас тарту негіздері

1. Алушы банк нұсқауды акцептеуден:

1) жөнелтуші ақша аударымын жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген жағдайда;

2) егер төлем құжатының қолдан жасалғандығының белгілері болса;

3) жөнелтуші ақша аудару туралы нұсқауды жасаудың және ұсынудың тәртібіне қойылатын талаптарды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шарттың талаптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтамаған кезде;

4) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда бас тартады.

2. Инкассалық өкімдерді осы Заңның 15-бабында көзделген құжаттардың бірін қоса тіркемей ұсынған жағдайда, алушы банк мұндай инкассалық өкімдерді акцептеуден бас тартуға міндетті.

Ескерут. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Нұсқауды орындау

1. Алушы банктің нұсқауды орындауы мұндай нұсқауды оның акцептеуі негізінде жүзеге асырылады.

Алушы банктің жөнелтуші алдындағы алынған нұсқауға сәйкес аударым не ақша төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауы нұсқаудың орындалуы болып табылады.

Мынадай іс-қимылдар нұсқаудың орындалуы болып табылады:

1) алушы банктің келесі алушы банкке бенефициардың пайдасына, егер алушы банк бенефициар банкі болып табылмаса ғана, ақша аудару туралы нұсқауын табыстауы;

2) егер алушы банк бенефициар банкі болып табылса, ақша аударымын аяқтауы;

3) егер алушы банк ақша жөнелтушінің банкі болып табылса, қолма-қол ақша төлеу туралы нұсқауды ұсынған жөнелтушіге қолма-қол ақшаны беруі.

2. Нұсқауды алушы банк егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, осындай нұсқаудың шарттарын сақтай отырып, егер мұндай нұсқаудың шарттарында оны орындаудың өзге мерзімі белгіленбеген болса, алушы банктің алынған нұсқау акцептелген күннен кейінгі операциялық күнінен кешіктірмей орындайды.

Егер ақша аудару туралы нұсқауды орындаудың шарттары алушы банк үшін орындалмайтындай болса не оларды орындау ақша аударуды кідіртуге немесе қосымша шығындарға әкеп соғуы мүмкін болса, алушы банк операциялық күн ішінде бұл туралы жөнелтушіге хабарлауға міндетті. Нұсқаулар олардың түскен күні мен уақыты ескеріле отырып орындалады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2000.03.29 N 42 Заңымен.

20-бап. Сот актісін және сот орындаушысының қаулысын орындау ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасы сотының ақша өндіріп алу туралы сот актісі, сондай-ақ сот орындаушысының жеке тұлғаның, заңды тұлғаның банк шоттарының, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның ағымдағы шоттарының бар екендігі және олардың нөмірлері жөніндегі ақпаратты сұратып алу туралы және борышкердің банктегі ақшасына тыйым салуды қолдану туралы сот санкция берген қаулысы не оның атқарушылық іс жүргізу органының аумақтық бөлімінің мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған көшірмесі, осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, барлық банктерге ұсынылады.

2. Банктер аталған құжаттарды алған күннен кейінгі операциялық екі күннен кешіктірмей сотқа (сот орындаушысына) қажетті мәліметтерді жіберуге міндетті. Мәліметтер ақша өндіріп алу жүргізілетін тұлғалардың банк шоттарының бар екені туралы не олардың жоқ екені туралы деректерді қамтуға тиіс; банк шоттары бар болған кезде банк шоттарының барлық қажетті реквизиттері және

осы банк шоттарында жатқан қалдықтардың мөлшері көрсетілуге тиіс. Сот орындаушысына жіберілетін мәліметтерде тыйым салу қолданылған ақша сомасы да көрсетілуге тиіс.

3. Сот (сот орындаушысы) банктерден аталған мәліметтерді алғаннан кейін ақша өндіріп алу туралы сот актісін орындау жөніндегі міндет жүктелетін банкті (банктерді) анықтайды және сондай банкке (банктерге) тиісті атқару құжатын не оның сот мөрімен расталған көшірмесін қоса тіркей отырып нұсқау жібереді.

4. Егер сотта (сот орындаушысында) ақша өндіріп алынуға тиіс тұлғаның банк шотында ақшаның бар екені туралы мәлімет бар болса, онда сот орындаушысының тиісті атқару құжаты қоса тіркелген нұсқауы тікелей тиісті банкке орындау үшін ұсынылады.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банктердің тұрған жері және олардың бірінші басшыларының деректері көрсетілген банктердің тізімін тоқсан сайын атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның назарына жеткізеді. Атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алған тізімді жергілікті соттар мен сот орындаушыларының назарына жеткізеді.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.06.22 N 147, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Төлем

21-бап. Төлем

1. Төлем азаматтық-құқықтық мәміле шарттарының, Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары мен сот шешімдерінің негізінде және соларға сәйкес жүргізіледі.

2. Төлем азаматтық-құқықтық мәміле шарттарына сәйкес олардың ерікті негізде жүзеге асырылуын көздейді.

3. Төлем Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары мен сот шешімдеріне сәйкес олардың міндетті түрде жүзеге асырылуын көздейді.

4. Төлем қолма-қол ақшаны пайдалана отырып та, оны пайдаланбай да (қолма-қол жасалмайтын төлем) жүргізіледі.

4-1. Заңды тұлғалар арасындағы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем жасалған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын мәміле бойынша төлемдер қолма-қол ақшасыз төлеу тәртібімен ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.03.29 N 42, 2003.07.09 N 482,

2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлем

1. Қолма-қол ақша төлеу заңды төлем құралы болып табылатын банкнот және (немесе) тиындар түрінде қолма-қол ақша беру арқылы жүргізіледі.

2. Қолма-қол ақша төлеу деген басқаның (басқалардың) алдында осы Заңның 21-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларға байланысты туындаған міндеттемелері бар төлемді жүзеге асыратын тұлғаның (тұлғалардың) (төлеушінің) оған банкноттарды және (немесе) тиындарды нақты беруі болып табылады.

3. Қолма-қол ақша төлеу ақша міндеттемесі орындалып отырған адамға тікелей не делдал арқылы жасалуы мүмкін.

23-бап. Қолма-қол жасалмайтын төлем

1. Қолма-қол жасалмайтын төлем:

- 1) ақша міндеттемесі не ақша төлеу туралы нұсқау бар төлем құжатын беру не электрондық ақшаны беру;
- 2) ақша міндеттемесі не ақша төлеу туралы нұсқау бар төлем құжатын ұсыну;
- 3) ақша төлеу туралы нұсқау бар төлем құжатын немесе электронды хабар беру арқылы жасалады.

2. Қолма-қол жасалмайтын төлемді жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен клиенттің банк шотын пайдалана отырып та, онсыз да жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2000.03.29 N 42, 2011.07.21 № 466-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Төлемнің аяқталуы

1. Егер төлем қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жүргізілетін болса, пайдасына төлем жасалатын адам не пайдасына төлем жасалатын адам уәкілдік берген және (немесе) көрсеткен адам ақшаны алған кезде төлем аяқталады.

2. Егер төлем қолма-қол ақшаны пайдаланбай, ақша аудару арқылы жүргізілсе, онда ақша аудару аяқталған сәтте төлем аяқталады.

Егер төлем қолма-қол ақшаны пайдаланбай, төлем құжатын беру арқылы жүргізілсе, онда пайдасына төлем жасалатын тұлға ақшаны алған сәтте төлем аяқталады.

Егер төлем электрондық ақша беру арқылы жүргізілсе, онда пайдасына төлем жасалатын тұлға электрондық ақшаны алған кезде төлем аяқталады. Қабылданған электрондық ақшаның сомасы туралы, оның басқа тұлға-бенефициардың пайдасына түскенін растайтын ақпараттың электрондық

ақша жүйесінде көрсетілуі электрондық ақшаны алу кезі болып табылады.

3. Азаматтық-құқықтық мәміленің, еңбек шартының ережелерінде төлем аяқталуының өзгеше сәті көзделуі мүмкін.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.07.21 № 466-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Санкцияланған және санкцияланбаған төлем

1. Егер төлемді оны жасауға өкілеттігі бар тұлға жасаса және ол Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, ол санкцияланған төлем болып табылады. Төлем ақша аудару арқылы жүзеге асырылған жағдайда да, егер алушы банк нұсқауды санкцияланбаған төлемнен қорғау іс-қимылының белгіленген тәртібін сақтай отырып қабылдаған болса, төлем санкцияланған б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылған төлем санкцияланбаған болып табылады. Санкцияланбаған төлемге жалған төлем құжаттары немесе жалған төлем құралдары (қолма-қол ақша) пайдаланылған төлемдер де жатады.

26-бап. Санкцияланбаған қолма-қол жасалмайтын төлемнен қорғау

1. Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) нұсқау жөнелтуші мен оны алушы арасындағы шартта белгіленген және жөнелтушінің оларды кері қайтарып алу туралы нұсқауларға немесе өкімдерге бастамашылық болғаны (санкцияланғаны) туралы деректерді тексеруге және ықтимал қателерді анықтауға саятын тиісті ережелерді орындау санкцияланбаған төлемнен қорғау болып т а б ы л а д ы .

2. Қорғау іс-қимылдарының элементі ретінде уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) қолы, мөрлер, алгоритмдер, кодтар (рәміздер қолданылатын сандық, әріптік және аралас), бірегейлендіру сөздері немесе бірегейлендіру нөмірлері, шифрлау, кері қайтарып алу әдістері немесе Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де қорғау әдістері пайдаланылуы мүмкін.

27-бап. Санкцияланбаған қолма-қол жасалмайтын төлем бойынша ақшаны қайтару

1. Санкцияланбаған қолма-қол жасалмайтын төлем фактісі анықталған жағдайда, ақшаны алған тұлға аталған төлем бойынша ақшаны қайтаруға м і н д е т т і .

2. Санкцияланбаған төлем бойынша ақшаны қайтару тәртібі, мерзімі мен шарттары жөнелтуші мен алушы банктің арасындағы шартта және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

3-тарау. Ақша аударымы

28-бап. Ақша аударымының негіздемесі

1. Ақша аударымдары жөнелтушінің бенефициар пайдасына ақша аудару туралы алушы банкке берген нұсқауы негізінде жүргізіледі.

2. Заң актілерінде немесе тиісті шартта көзделген жағдайларда талап нысанындағы нұсқауларды алушы банктің клиенті болып табылмайтын үшінші жақ ұсынады.

29-бап. Ақша аударымының негізгі әдістері

1. Ақша аударымы клиринг нәтижелері бойынша не жөнелтушінің әрбір нұсқауын жеке орындау арқылы жүргізіледі.

2. Клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымы клирингке қатысушылардың қарсы талаптарын есепке алу процесі аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Бұл орайда клиринг нәтижелері бойынша жасалған аударым клирингке қатысушының ақшасын оған қызмет көрсететін банктен міндетті түрде алып қоюды білдірмейді. Теріс сальдо пайда болған клирингке қатысушы оны өтеу үшін төлем жасайды.

3. Жөнелтушінің әрбір нұсқауын жеке орындау арқылы жасалатын ақша аударымы жөнелтушінің басқа нұсқауларынан туындайтын оның құқықтары мен міндеттемелеріне қарамастан жасалады.

30-бап. Ақша аударымы туралы нұсқауды ұсыну әдістері

1. Ақша аударымы туралы нұсқауларды орындау үшін оларды ұсыну м ы н а д а й ә д і с т е р м е н :

1) төлем құжатының қағазға басылған түпнұскасын ұсыну арқылы;
2) нұсқауды байланыс пен телекоммуникацияның тиісті электронды арналарын пайдалана отырып, қағазға баспай-ақ электрондық әдіспен беру а р қ ы л ы ж ү р г і з і л е д і ;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де әдістермен жүргізіледі.

2. Нұсқауды электронды әдіспен ұсынуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін талаптар сақталған жағдайда ғана жол беріледі. Мұндай талаптар болмаған жағдайда банк тәжірибесінде қабылданған бір ізге түсірілген ережелер және (немесе) іскерлік айналымындағы ресімдері қ о л д а н ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының заңдарында тек қана қағазға басу көзделген нұсқауларды электронды әдіспен ұсынуға тыйым салынады.

4. Егер жөнелтуші алушы банктің клиенті болса, жөнелтушінің алушы банкке ақша аудару туралы нұсқауын ұсыну әдістері, тәртібі мен ережелері олардың арасында жасалған шартта көрсетіледі. Егер жөнелтуші алушы банктің клиенті

болмаса, нұсқауды ұсыну осы Заңның нормаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің соған сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2000.03.29 N 42 Заңымен.

31-бап. Ақша аударымы кезінде нұсқауды қабылдау уақыты

1. Алушы банк нұсқауларды және оларды кері қайтарып алу не олардың орындалуын тоқтату туралы өкімдерді қабылдауды өзі белгілеген операциялық күннің ішінде ғана жүзеге асырады.

2. Егер нұсқау не оны кері қайтарып алу не олардың орындалуын тоқтата тұру туралы өкім операциялық күн аяқталған соң алынған болса, алушы банк мұндай нұсқауды немесе өкімді келесі операциялық күннің басында алған болып есептеледі.

32-бап. Ақша аударымы кезінде жөнелтуші мен алушы банк арасындағы хабар алмасу

1. Ақша аударымын жүзеге асырған кезде жөнелтуші мен алушы банк мыналарды қамтитын хабарлар алмасады:

- 1) нұсқауды акцептеу не акцептеуден бас тарту туралы ақпарат;
- 2) нұсқауды орындау туралы ақпарат;
- 3) қате нұсқаулар туралы ақпарат;
- 4) нұсқауды кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы а қ п а р а т ;
- 5) ақша аударымына қатысты басқа да мәліметтер.

2. Жоғарыда аталған хабарларды алмасу нысандары мен әдістері, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзгеше белгілемесе, жөнелтуші мен алушы банк арасындағы шартта белгіленеді.

33-бап. Ақша аударымы туралы қате нұсқаулар

Жөнелтушінің ақша аударымы туралы жіберген нұсқауы, егер онда:

- 1) одан бұрынғы жөнелтушіден алынған нұсқаудың реквизиттеріне сәйкес келмейтін реквизиттер болса;
- 2) ол қайталап берілсе, қате болып табылады.

34-бап. Аударым жасау кезінде ақшаны қайтару

1. Аударым жасау кезінде ақшаны қайтару:

- 1) ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын төлемнің санкцияланбау фактісі а н ы қ т а л ғ а н ;

- 2) ақша жалған төлем құжаты негізінде аударылған;
 - 3) қате берілген нұсқау орындалған жағдайларда жүзеге асырылады.
2. Бенефициар банк қате нұсқау бойынша ақшаны қайтаруды бенефициардың ақша қате есепке жатқызылған банк шотынан ақшаны акцептсіз алып қою ж о л ы м е н жү з е г е а с ы р а д ы .

3. Бенефициар банк қате нұсқау бойынша ақшаны қайтаруды бенефициардың банк шотындағы ақша есебінен, оның ішінде, егер банк шоты бойынша уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның банк шотындағы ақшаға тыйым салу және (немесе) банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) белгіленбеген мерзімдерде орындалуға жататын орындалмаған нұсқаулар болған жағдайда жүзеге асырады.

4. Бенефициардың банк шотында ақша жеткіліксіз болған не ақша болмаған жағдайда қате нұсқау бойынша ақшаны қайтаруды қате нұсқауға жол берген жөнелтуші Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде өз ақшасы есебінен жүзеге асырады.

5. Ақшаны қайтару санкцияланбаған немесе қате нұсқау орындалған күннен бастап үш жыл өткеннен кейін жүргізілмейді.

6. Ақшаны қайтарған кезде ақша аударуға қатысушы әрбір жөнелтушінің (оның ішінде делдал банктің) осындай ақша аударымына байланысты және ақшаны қайтару салдарынан шеккен нақты шығыстарды өтетуге құқығы бар.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

35-бап. Ақша аударымы кезінде нұсқауды кері қайтарып алу және нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру

1. Акцептелмеген нұсқау акцепт жасау мерзімі аяқталғанға дейін кері қайтарып алынуы мүмкін.

2. Нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру немесе акцептелген нұсқауды кері қайтарып алу оны алушы банк орындағанға дейін ғана мүмкін болады.

3. Акцептелген және акцептелмеген нұсқауды кері қайтарып алуды, сондай-ақ нұсқаудың орындалуын тоқтата тұруды оның бастамашысы алушы банкке тиісті өкім жіберуі арқылы жүзеге асырады. Басқа жөнелтушілер мұндай өкімді өзінен бұрынғы жөнелтушіден не оған заңмен не шартпен уәкілдік берілген үшінші жақтан алған осындай өкім болғанда ғана жіберуге құқылы. Мұндай өкімнің орындалу мерзімі, сондай-ақ оны беру әдістері шартпен және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

4. Мұндай өкімдер электронды әдіспен жіберілген жағдайда мұндай өкімді жөнелтуші мен оны алушының арасындағы шартта белгіленген қорғау іс-қимылының тәртібін сақтау қажет.

5. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, сондай-ақ егер алушы банкке

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның ақша жөнелтушінің немесе алушы банктің банк шотындағы ақшасына тыйым салу немесе банк шотындағы шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның ақша жөнелтушінің ақшасын алып қою туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес акцептелген нұсқаудан бұрын орындалуға тиісті шешімі ұсынылса, акцептелген нұсқауды орындау тоқтатыла тұруға тиіс. Алушы банк жоғарыда аталған негіздемелер бойынша нұсқауды орындауды тоқтата тұруға байланысты залалдар үшін жауап б е р м е й д і .

Ескерту. 35-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2000.03.29 N 42, 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

36-бап. Ақша аударымын аяқтау

А қ ш а а у д а р ы м ы :

бенефициардың пайдасына ақша түскен кезде оның банк шоты бойынша
бухгалтерлік ж а з б а ж а с а л ғ а н ;
егер бенефициардың банк шоты болмаса, бенефициардың банкі бенефициарға
қолма-қол а қ ш а н ы н а қ т ы б е р г е н ;
осы Заңның 17-бабының 3-тармағында көзделген есепке алу жүргізілген;
банк клиентінің пайдасына ақша қабылданғанын көрсететін өзге шот
бойынша бухгалтерлік жазба аяқталған кезден бастап аяқталды деп есептеледі.

3-1-тарау. Электрондық ақша

Ескерту. Заң 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2011.07.21 № 466-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-1-бап. Электрондық ақшаны шығару және өткізу

1. Электрондық ақша шығаруды эмитент өзіне қабылдайтын міндеттемелердің номиналдық құнына тең ақша сомасында жеке тұлғалардан немесе агенттерден ақша алғаннан кейін растама бере отырып, жүзеге асырады.

Эмитент өзі шығарған электрондық ақшаны оның теңгедегі номиналдық құнына сәйкес өтеу жөнінде шартсыз және қайтарылмайтын ақшалай міндеттеме қ а б ы л д а й д ы .

2. Эмитент электрондық ақшаны шығару кезінде комиссиялық сыйақы, сондай-ақ шарттың талаптарына сәйкес эмитент көрсететін қосымша қызметтер

Ү Ш І Н а қ ы а л ұ ғ а қ ұ қ ы л ы .

3. Мы на л а р :

1) эмитенттен, агенттен немесе өзге де жеке тұлғалардан электрондық ақша
алған жеке тұлғалар;

2) а г е н т т е р ;

3) азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемақы ретінде жеке тұлғалардан электрондық ақша алған дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар электрондық ақша иелері болып табылуы мүмкін.

Электрондық ақша иесінің құқықтары электрондық ақшаны алған сәттен
б а с т а п т у ы н д а й д ы .

4. Электрондық ақша эмитентінің және иесінің – жеке тұлғаның арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес олардың арасында жасалған шарт негізінде туындайды.

5. Эмитент пен жеке тұлға арасында жасалатын шартта:

1) эмитенттің атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;

2) электрондық ақша шығару не сатып алу талаптары;

3) электрондық ақшаны пайдалану үшін белгіленетін шектеулерді қоса алғанда, электрондық ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру

т а л а п т а р ы ;

4) электрондық ақша иесінің электрондық ақшаны пайдалана отырып, операциялар жүргізуге арналған құқықтарын куәландыру тәртібі;

5) иесінің электрондық ақшаны өтеуге ұсыну тәртібі мен тәсілдері және оны өтеу тәртібі;

б) операцияларды жүргізу үшін электрондық ақшаны пайдалану кезінде электрондық ақша эмитенті және иесі арасында ақпарат алмасу тәртібі, оның ішінде эмитентке электрондық тасығыштың жоғалғаны немесе оны уәкілетті емес тұлғаның пайдаланғаны туралы хабарлау тәртібі мен мерзімдері;

7) электрондық ақша иесінің электрондық ақшаны пайдалану жөніндегі өтінішін қарау тәртібі, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану кезінде туындайтын дауларды шешу тәртібі;

8) комиссиялық сыйақы төлеу, сондай-ақ қосымша қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеу мөлшері және тәртібі;

9) тараптардың құқықтары мен міндеттері;

10) тараптардың өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершілігі;

11) шартты өзгерту және бұзу тәртібі, сондай-ақ оны қолдану мерзімі
қ а м т ы л ы ы т и і с .

Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

6. Эмитент тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы

заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен асатын сомаға электрондық ақша шығарылған жағдайда электрондық ақша иесін сәйкестендіруді жүзеге асыруға міндетті.

Электрондық ақша иесі – жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат ұсынылады.

7. Эмитенттер Қазақстан Республикасының аумағында шығаратын электрондық ақша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ғана номиналдануы (көрсетілуі) тиіс.

8. Жеке тұлғаларға электрондық ақшаны өткізуді не жеке тұлғалардан электрондық ақшаны сатып алуды тараптардың құқықтары мен міндеттері, электрондық ақшаны өткізу және сатып алу тәртібі мен талаптары айқындалатын эмитентпен жасалған шарт негізінде агент жүзеге асырады.

9. Эмитенттің өзі не эмитентпен жасалған тиісті шарттың негізінде өзге де заңды тұлға оператор болуы мүмкін.

Эмитент қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, өзімен тиісті шарттар жасасқан операторлар туралы мәліметтер жіберуге міндетті.

10. Эмитент операторға электрондық ақша иелерімен, оның ішінде агенттермен эмитенттің атынан және оның тапсырмасы бойынша шарттар жасасуға уәкілеттік беруге құқылы.

11. Иелері мен оларға тиесілі электрондық ақша сомалары туралы мәліметтерді, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдаланып жасалған операциялар туралы мәліметтерді эмитент тұлғаларға «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабында көзделген негіздер бойынша және шекте береді.

Ескерту. 36-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.21 N 466-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 10.06.2014 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

36-2-бап. Электрондық ақшаны пайдалану және өтеу

1. Электрондық ақшаны оның иесі – жеке тұлға азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемді жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ оның эмитенті айқындаған және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін талаптарда өзге де операцияларды жүргізу үшін пайдаланады.

2. Дара кәсіпкердің және (немесе) заңды тұлғаның электрондық ақшаны азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау кезінде төлемақы ретінде қабылдауы эмитентпен не электрондық ақша жүйесінің қатысушысы болып табылатын өзге

де банкпен жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

Азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау кезінде электрондық ақша жүйесінде электрондық ақша алған дара кәсіпкерде немесе заңды тұлғада эмитентке қабылданған төлем сомасында ақшаны талап ету құқығы туындайды.

3. Эмитент электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін осы Заңда, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптарды және шектеулерді ескере отырып, қамтамасыз етуге міндетті.

Эмитент электрондық ақша иесінің алдында электрондық ақша жүйесіне санкциясыз енген, сондай-ақ эмитенттің тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысында (жұмыс істеуінде) қателесу орын алған немесе іркіліс болған жағдайларда электрондық ақша иесіне келтірілген зиян үшін олардың арасында жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жауапты болады.

4. Электрондық ақшаның иесі – сәйкестендірілген жеке тұлға жүргізетін бір операцияның ең жоғары сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшеріне тең сомадан аспауы тиіс.

Электрондық ақшаның иесі – сәйкестендірілмеген жеке тұлға жүргізетін бір операцияның ең жоғары сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшеріне тең сомадан аспауы тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары электрондық ақшаны өтеу жөніндегі операцияларға қолданылмайды.

5. Электрондық ақшаны өтеуді эмитент оның номиналдық құны бойынша тең ақша сомасын электрондық ақшаның иесі – жеке тұлғаның банк шотына аудару не оған қолма-қол ақша беру арқылы жүзеге асырады.

6. Егер эмитент пен дара кәсіпкер немесе заңды тұлға арасында жасалған шартта өзге мерзім көзделмесе, эмитент дара кәсіпкер немесе заңды тұлға жеке тұлғалардан азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша ақы төлеу кезінде алған электрондық ақшаны өз пайдасына электрондық ақша түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтеуді жүзеге асыруға міндетті.

Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға алған электрондық ақша аудару кезінде ақшаны қайтару үшін осы Заңда көзделген негіздер бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жасалған азаматтық-құқықтық мәміле бұзылған жағдайда, оны ақы төлеуші – жеке тұлғаға қайтару кезінде өтеуге жатпайды.

Дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар иелері болып табылатын электрондық ақшаны өтеу заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің банк шотына

оның номиналдық құны бойынша тең ақшалай сомасын аудару жолымен жүзеге асырылады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

37-бап. Ақша төлемі мен (немесе) аударымын жүзеге асыру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Ақша төлемі мен (немесе) аударымына қатысушылар ақша төлемі мен (немесе) аударымына байланысты міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, олар осы қатынастарға қатысушылар арасында жасалған шартта және (немесе) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерде жауап береді.

2. Егер ақша аударымы аяқталмаған болса, осының алдындағы жөнелтушінің алынған нұсқауды орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған банк (оның ішінде делдал банк) оның алдында жауап береді. Бұл орайда ақша жөнелтуші ақша аударымы жөніндегі міндеттемелерін орындаған күннің өзінде, егер ақша жөнелтуші мен бенефициар арасындағы азаматтық-құқықтық мәміле шарттарында өзгеше көзделмеген болса, ақша жөнелтушінің азаматтық-құқықтық мәміле жөніндегі төлем бойынша бенефициар алдындағы міндеттері тоқтатылмайды. Егер ақша аудару бенефициар банкінің кінәсінен аяқталмаған болса, ақша жөнелтуші азаматтық-құқықтық мәміле жөніндегі төлем бойынша бенефициар алдында жауапты болмайды.

3. Егер ақша аударымын жасау ережелерін бұзу ақша төлемі мен (немесе) аударымына қатысушының өзгенің ақшасын заңсыз пайдаланумен, сондай-ақ акцептің немесе нұсқаудың орындалу мерзімін бұзуымен байланысты болса, мұндай қатысушы кімнің ақшасын заңсыз пайдаланса сол адамға Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген айыпақы төлеуге міндетті.

4. Егер алушы банк төлем жасалған кезде қорғау іс-әрекетінің тәртібін сақтамаса, бірақ бенефициар ақшаны:

- 1) ақша аударымы туралы тапсырмада немесе талапта көрсетілгендей;
- 2) бенефициар үшін қолайлы мерзімде;
- 3) ақша аударымы туралы бұйрықта көрсетілген сомада алған жағдайда;
- 4) және бұл орайда ақша жөнелтушіге де, бенефициарға да залал (зиян) келтірілмесе, алушы банк ол үшін жауап бермейді.

38-бап. Белгісіз мерзімде орындалуға тиісті нұсқаулар

1. Ақша жөнелтушіде банкте нұсқауды орындау үшін қажетті ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе , а л у ш ы б а н к :

- 1) ақша жөнелтуші мен алушы банктің арасындағы шартта;

2) заң актілерінде және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда ғана алынған нұсқауларды қабылдауға және оларды орындау үшін жеткілікті ақша сомасы ақша жөнелтушінің немесе алушы банктің банк шотына түскенге дейін бір жыл бойы сақтауға міндетті.

1-1. Бенефициар Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында көзделген қажетті құжаттар мен мәліметтерді беру жөніндегі іс-әрекеттерді жасамаған жағдайда алушы банк жөнелтушінің алынған нұсқауларын қабылдауға және 180 күнтізбелік күн бойы сақтауға міндетті.

Бенефициар осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді орындамаған жағдайда, алушы банк күнтізбелік 180 күн ішінде мұндай нұсқауды оны жөнелтушіге орындамай қайтаруға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген нұсқауларды алушы банк Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген нұсқауларды орындау кезектілігін сақтауды ескере отырып, олардың алушы банкке түсу тәртібінде күнтізбелік кезектілікпен орындайды. Күнтізбелік кезектілік алушы банкке нұсқаулардың түсу күні мен уақытын көздейді.

3. Осы банктің 1-тармағында көзделген нұсқауларды орындаған кезде, акцептің күні мен уақыты алушы банктің мұндай нұсқауларды орындау күні мен уақыты болып табылады.

4. Егер осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін жөнелтушінің ұсынған нұсқауы жөнелтушіде ақшаның жетіспеуінен орындалмаса, онда алушы банк инкассалық өкімді қоспағанда, осындай нұсқауды орындамастан жөнелтушіге қайтаруға міндетті.

5. Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыруға байланысты банкті қайта құрылымдау кезеңінде алушы банк қайта құрылымдау тоқтатылғанға дейін банктің олар бойынша міндеттемелерін тоқтата тұрған және қайта құрылымдау жоспарында бар нұсқауларды қабылдауға және сақтауға міндетті. Банкті қайта құрылымдау тоқтатылған жағдайда алушы банк мұндай нұсқауды орындамастан, оны жөнелтушіге қайтарып беруге міндетті.

Олар бойынша міндеттемелері тоқтатыла тұрмаған және қайта құрылымдау жоспарына кірмеген нұсқаулар осы Заңда, Қазақстан Республикасының Салық және Азаматтық кодекстерінде белгіленген тәртіппен орындалады.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.28 N 336, 2000.03.29 N 42, 2003.03.13 N 394, 2003.05.08 N 411, 2003.07.09 N 482, 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

39-бап. Ақша төлеміне немесе аударымына тыйым салу

Төлем жасауға, ақша аударымы туралы нұсқау беруге, нұсқауды орындауға, банктің бенефициарға ақша беруіне немесе бенефициардың ақша алуына Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерімен уәкілдік берілген мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздемелер бойынша ғана тыйым салынуы мүмкін.

40-бап. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделген өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

41-бап. Осы Заңды іске асыру жөніндегі шаралар

Осы Заң күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы Төрағасының республикада төлем және несие тәртібін нығайту мәселесі жөніндегі есебі туралы" 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысының 6-тармағы, аталған Қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкциялар туралы" және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық" нормативтерін бұзғаны үшін коммерциялық банктерге қолданылатын санкциялар туралы" Уақытша ережелер (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 4, 68-құжат, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 239-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті